

"Қызыл-Орда облысының Ленинск қаласын республикалық бағыныстағы қалалар санатына жатқызу туралы" Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумы Жарлығының күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 тамыздағы N 2428 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына Z933600_ сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

"Қызыл-Орда облысының Ленинск қаласын республикалық бағыныстағы қалалар санатына жатқызу туралы" 1987 жылғы 22 шілдедегі Қазақ ССР-і Жоғарғы Кеңесі Жарлығының күші жойылған деп танылсын (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумы мәжілісінің хаттамасы, 1987 ж., N 33).

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті өзінің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкестендірсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті